



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 1 сәуір

### 2019 жылғы 22 наурыздан 29 наурыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

29 наурыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,5%-ға әлсіреп (378,17-ден), 380,04 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 22 наурыздан 29 наурыз аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар 2018 жылғы 4 - тоқсанда АҚШ ІЖӨ-нің өсуін түпкі бағалауды жария ету, қаңтарда АҚШ-тағы сауда тапшылығының жақсаруы, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда-саттық келіссөздерінің 8-ші раундын өткізу, Ұлыбританияның Еуроодақтан шығу келісімінің жобасын ел Парламентінің кезекті қабылдамауы болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда нығаяуына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Түрік лирасы** Түркия банктері шетелдік инвесторларға ұсына алатын қаржы көлемдерінің ішінара шектелуінен өтімділіктің күрт жетіспеуі аясында 53,3%-ға (5,76-дан 5,57-ге дейін) нығайды. Лирамен қарыз алу құны 1000%-ға дейін ұлғайды (своп-овернайт мөлшерлемесі);

- **Оңтүстік Африка ранды** бір АҚШ доллары үшін 14,5 деңгейге жуық саудаланды;

- **Үндістан рупиясы** экономиканың жаһандық өсуі себебінен сентименттің жалпы нашарлауы, сондай-ақ Түркияның қаржы нарығы тұрақсыздығының әсері тәуекелінің аясында 0,3%-ға (68,96-дан 69,16-ға дейін) әлсіреді;

- **Бразилия реалы** ел Үкіметіндегі, атап айтқанда Президент пен Конгресстің төменгі палатасының спикері арасында саяси кикілжіңдер аясында зейнетақы реформасының перспективалары жөніндегі инвесторлардың қауіптенулерінің аясында 0,3%-ға (3,91-ден 3,92-ге дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** ОБ-нің ұлттық валюта бағамын ұстап тұру үшін өктемдіктеріне қарамастан, шетелдік инвесторлар сентиментінің нашарлауы аясында 0,6%-ға (14 163-тен 14 243-ке дейін) әлсіреді;



- **Ресей рублі** АҚШ-тың РФ-ға қарсы жаңа санкциялар дайындауы туралы хабарлардың аясында 1,7%-ға (64,65-тен 65,76-ға дейін) әлсіреді;

- **Мексика песосы** егер Мексика заңсыз көшіп келуді тоқтату бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда, Президент Трамптың шекараны жабу және елдер арасындағы



<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

сауда-саттықты тоқтату туралы қорқытуы туралы хабарлардың аясында 1,8%-ға (19,09-дан 19,43-ке дейін) әлсіреді.



**Дамушы елдер валютасының серпіні (15 наурыз 2019=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:  
 +7 (727) 704 585  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)